

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 қыркүйектегі N 1151 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1437

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 қыркүйектегі N 1151 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің "Борлы" акционерлік қоғамының ("Карагандауглеразрезы" мемлекеттік кәсіпорны) "Борлы" акционерлік қоғамының орталықтандырылған несие бойынша республикалық бюджетке берешегін өтеу есебіне 58045 (елу сегіз миллион қырық бес мың) теңгеге 35823 тонна көмір беру туралы және аталған сомада 1996 жылғы 20 қыркүйектегі жай-күйі бойынша олардың пайдалану уақытындағы жылдық

10 проценті":

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Борлы" акционерлік қоғамы жоғарыда аталған орталықтандырылған несиені пайдалану уақытындағы бұрын есептелген проценттерінің қалған бөлігін төлеуден босатылсын";

аталған қаулының қосымшасы қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 25 қарашадағы

N 1437 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне көмір беру

KECTECI

Ай

Акционерлік қоғамдар

"Борлы"	"Рысты- АЭРВЗ"
Көмір   Берілетін   Көмір   Берілетін	
саны   көмірдің   саны   көмірдің	
т.   құны (ҚҚС   т.   құны ( ҚҚС	
ескеріп)     ескеріп)	
мың. теңге     мың теңге	

Қыркүйек 15240 24690 30000 21450

Қазан 15000 24310 20000 14300

Қараша 5583 9045 5944 4250

Барлығы 35823 58045 55944 40000